



**Байғанин ауданы Жарқамыс ауылдық округінің "Қаратөбе" кен орыны аумағында объектілік ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жариялау туралы**

Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімінің 2019 жылғы 20 тамыздағы № 13 шешімі. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 20 тамызда № 6366 болып тіркелді

**Ескерту.** Тақырыбы орыс тілінде жаңа редакцияда, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Ақтөбе облысы Байғанин ауданы әкімінің 25.08.2020 № 11 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қантардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 33 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі "Азаматтық қорғау туралы" Заңының 48 бабына және 50 бабы 2 тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 "Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыйыптамасын белгілеу туралы" қаулысына сәйкес және Байғанин ауданының әкімдігі жаңындағы төтенше жағдайлардың алдын алу және жою жөніндегі комиссиясы отырысының 2019 жылғы 12 тамыздағы № 3 хаттамасы негізінде, халықтың тыныс-тіршілігін және төтенше жағдайларды таралу ауқымына қарай жоюоды қамтамасыз ету мақсатында, Байғанин ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Байғанин ауданы Жарқамыс ауылдық округінің "Қаратөбе" кен орыны аумағында қолайсыз экологиялық жағдайлардың туындауына байланысты, объектілік ауқымдағы табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Төтенше жағдайларды жою басшысы болып Байғанин ауданы әкімінің орынбасары Ж. Жаңабай тағайындалсын және осы шешімнен туындастырылған тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Байғанин ауданы әкімінің 2018 жылғы 11 қыркүйектегі № 19 "Байғанин ауданы аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жариялау туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3-4-181 болып тіркелген, 2018 жылғы 20 қыркүйекте "Жем-Сағыз" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

4. "Байғанин ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы шешімді Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы шешімді мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

5. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасауды өзіме қалдырамын.

6. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*K. Умаров*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК